

Қ.Ө. Есенова*  , Ф.К. Исмаилова 

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

*e-mail: kalbike_65@mail.ru

АКАДЕМИК РӘБИҒА СЫЗДЫҚТЫҢ ЛИНГВОСТИЛИСТИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕРІНДЕГІ НЕГІЗГІ ТҰЖЫРЫМДАМАЛАРЫ

Академик Рәбиға Сыздықтың зерттеулері қазақ көркем әдебиеті тілін ұлттық тіл нормалары негізінде қарастырудың маңыздылығын айқындап, стилистиканың прагматикалық, когнитивтік және әлеуметтік аспектілерін кешенді зерттеуге жол ашты. Ғалымның еңбектері көркем мәтін стилистикасын жаңа деңгейге көтеріп, әдеби тілдің стильдік қабаттарын терең тануға мүмкіндік берді. Оның стилистикаға қатысты тұжырымдары тілдік бірліктердің эстетикалық қызметін анықтауда және көркем проза тілі мен функционалдық стильдер арасындағы байланысты саралауда маңызды орын алады.

Қазіргі таңда қазақ әдебиетіндегі проза жанры, әсіресе қысқа әңгімелердің стильдік ерекшеліктерін жан-жақты талдау қажеттілігі туындап отыр. Әңгіме жанры белгілі бір кезеңдегі тілдік қолданысты бейнелейтін маңызды әдеби форма ретінде қарастырылады. Осы тұрғыдан алғанда, Р. Сыздықтың ғылыми тұжырымдарына сүйене отырып, көркем прозаның стилистикалық ерекшеліктерін, тілдік қолданыстарын және баяндау тәсілдерін зерделеу – өзекті мәселелердің бірі.

Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – қазіргі қазақ әңгімелеріндегі тілдік-стильдік ерекшеліктерді дәстүрлі сөз өнерімен сабақтастықта талдап, әдеби тілдің образды-стильдік әлеуетін анықтау. Әсіресе теңеулер, қайталаулар, образды сөз үлгілерінің функционалдық рөлін айқындау арқылы олардың эстетикалық және прагматикалық мүмкіндіктерін көрсету көзделеді.

Мақалада әдеби тілдің стилистикалық мүмкіндіктері қазіргі қазақ прозасының материалында қарастырылып, көркем мәтіндегі тілдік бірліктердің стильдік қызметі мен олардың мәтін түзуші фактор ретіндегі орны талданады. Бұл зерттеу көркем проза тілінің даму заңдылықтарын саралауға, стилистика саласының ғылыми-теориялық және практикалық негіздерін жетілдіруге ықпал етеді.

Түйін сөздер: Рәбиға Сыздық, лингвостилистика, әңгіме, әдеби тіл, функционалдық стильдер, теңеу, қайталау, бейнелі сөздер, автор стилі, сөз қолданыс, сөз мәдениеті.

K.O. Yessenova*, F.K. Ismailova

Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan

*e-mail: kalbike_65@mail.ru

Main concepts of academician Rabiga Syzdyk's linguostylistic studies

The studies conducted by academician Rabiga Syzdyk emphasized the importance of examining the language of Kazakh fiction within the framework of national linguistic norms, thereby opening avenues for comprehensive exploration of the pragmatic, cognitive, and social dimensions of stylistics. Her scholarly works elevated the stylistics of literary texts to a new level, providing deeper insights into the stylistic layers of the literary language. Syzdyk's theoretical contributions play a significant role in identifying the aesthetic function of linguistic units and distinguishing between the language of fiction and various functional styles.

Currently, there arises a critical need for an in-depth stylistic analysis of prose within Kazakh literature, particularly in the genre of short stories. Short stories are regarded as an essential literary form reflecting the linguistic practices characteristic of certain historical periods. In this context, analyzing stylistic peculiarities, linguistic usage, and narrative techniques in prose based on R. Syzdyk's scientific approaches represents one of the pressing research issues.

The primary goal of this research is to analyze the linguistic and stylistic features of contemporary Kazakh short stories, exploring their continuity with traditional verbal art, and to define the figurative and stylistic potential of the literary language. Particular emphasis is placed on clarifying the functional roles of metaphors, repetitions, and figurative expressions to demonstrate their aesthetic and pragmatic capabilities.

The article examines stylistic potentials of the literary language through examples drawn from contemporary Kazakh prose, analyzing the stylistic functions of linguistic units and their role as text-forming factors within literary works. This study contributes to a better understanding of the developmental patterns of prose language and promotes enhancement of both theoretical and practical foundations of stylistics.

Keywords: Rabiga Syzdyk, linguostylistics, short story, literary language, functional styles, metaphor, repetition, figurative expressions, author's style, word usage, speech culture.

К.У. Есенова*, Ф.К. Исмаилова

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

*e-mail: kalbike_65@mail.ru

Основные концепции лингвостилистических исследований академика Рабиги Сыздык

Исследования академика Рабиги Сыздык выявили значимость изучения языка казахской художественной литературы на основе национальных языковых норм, открыв путь к комплексному изучению прагматических, когнитивных и социальных аспектов стилистики. Труды ученого подняли стилистику художественного текста на качественно новый уровень, позволив глубже раскрыть стилистические пласты литературного языка. Ее концептуальные подходы занимают особое место в определении эстетической функции языковых единиц и разграничении языка художественной прозы и функциональных стилей.

В настоящее время возникает необходимость всестороннего анализа стилистических особенностей прозы казахской литературы, особенно в жанре рассказа. Рассказ рассматривается как важная литературная форма, отражающая специфику языкового употребления определённого периода. С этой точки зрения актуально исследование стилистических особенностей, языкового употребления и способов повествования в художественной прозе с опорой на научные концепции Р. Сыздык.

Основная цель данного исследования – анализ языковых и стилистических особенностей современных казахских рассказов в контексте традиций словесного искусства и определение образно-стилистического потенциала литературного языка. Особое внимание уделяется функциональной роли сравнений, повторов и образных выражений для раскрытия их эстетических и прагматических возможностей.

В статье рассматриваются стилистические возможности литературного языка на материале современной казахской прозы, анализируется стилистическая функция языковых единиц и их роль как текстообразующего фактора в художественном тексте. Данное исследование способствует изучению закономерностей развития языка художественной прозы и совершенствованию научно-теоретических и практических основ стилистики.

Ключевые слова: Рабига Сыздык, лингвостилистика, рассказ, литературный язык, функциональные стили, сравнение, повтор, образные выражения, авторский стиль, словоупотребление, культура речи.

Кіріспе

Лингвостилистика – тіл білімінің маңызды саласы, ол стиль түрлері мен тілдік құралдардың экспрессивтік, эмоциялық, бағалауыштық қасиеттерін зерттейді (Балли, 1961: 102). Әдеби тілдің эстетикалық мүмкіндіктерін, сөз қолданудың мәнерлі тәсілдерін тану үшін лингвостилистикалық талдаудың рөлі зор. Бұл ғылым саласы ХХ ғасырда тіл білімінде жеке бағыт ретінде қалыптасып, көптеген елдердің ғалымдары көркем мәтін тілі мен функционалдық стильдерді терең зерттей бастады. Мысалы, шетелде Ш. Балли стилистиканың негізін салса, орыс тіл білімінде В.В. Виноградов сияқты ғалымдар стиль түрлерін теориялық тұрғыдан жүйеледі.

Лингвостилистика мазмұн мен форма бірлігіндегі сөз құдіретін танып-білуге мүмкіндік беретіндіктен, филология ғылымында ерекше маңызға ие. Қазақ тілтануында лингвостилистикалық тұрғыдан кеңінен зерттеу жүргізген, қазақ тіл білімінің көпқырлы дамуына ықпал еткен, өз мектебін қалыптастырған көрнекті ғалым Р. Сыздык болды. Рәбиға Сәтіғалиқызы – қазақ тіл білімінің көшбасшы ғалымдарының бірі. Ол жарты ғасырдан астам уақыт бойы қазақ тілінің көптеген салаларын зерделеп, құнды еңбектер қалдырды. Қазақ әдеби тілінің тарихы, орфография, тіл мәдениеті, стилистика тәрізді бағыттарда іргелі зерттеулер жүргізіп, тіл ғылымының дамуына өлшеусіз үлес қосты. А. Байтұрсынұлы, Қ. Жұбанов сынды қазақ тіл білімінің негі-

зін қалаған ғалымдардың еңбектерін алғашқы болып зерттеп, олардың ғылыми мұрасын қайта жаңғыртты.

Академик «Ғылым дамуының бүгінгі таңдағы өзекті мәселелерінің бірі ретінде қазақ тіл білімінде лингвистикалық стилистика деп аталатын саланы қолға алуды ұсынамын» деген болатын. Ғалым көркем әдебиет тілін зерттеу барысында лингвостилистикалық талдауларды қолданды және зерттеулерінің қай-қайсысы да қазақ тілтанымына жаңаша серпін беріп отырды. Сол себепті қазіргі әдебиет тілін зерттеу барысында ғалымның ой-пікірін басшылыққа алу маңызды.

Осы тұрғыда көркем әдебиет тілін зерттеудің өзектілігін тағы да академиктің өз сөзімен байланыстырамыз: «Бүгінгі қазақ көркем әдебиеті халықтың рухани-эстетикалық қажетін толығынан өтеп, ұлттық ұйымдастырушылық қызмет атқарып отыр, сондықтан оның тілін арнайы зерттеу – бүгінгі мәдени дүниеміздің мүддесі» (Сыздық, 1997: 7).

Материалдар мен әдістер

Зерттеу қазақ көркем прозасының стилистикалық ерекшеліктерін кешенді түрде талдауға арналған. Осы мақсатпен лингвостилистикалық, құрылымдық-семантикалық, когнитивтік және прагматикалық стилистика әдістері қолданылды.

Зерттеудің теориялық және әдіснамалық негіздерін, біріншіден, Р. Сыздықтың («Сөз күдіреті», «Қазақ әдеби тілінің тарихы (XV-XIX ғасырлар)»), «Абай шығармаларының тілі») зерттеу еңбектері құрады. Сондай-ақ жалпы стилистика қағидаттары мен лингвостилистикалық талдау негіздері А. Байтұрсынұлы, М. Балақаев, Т. Қоңыров, А. Алдаш, Б. Шалабай еңбектерінде қарастырылған тұжырымдармен негізделді.

Зерттеу материалы ретінде қазақ прозасының көрнекті өкілдерінің шығармалары алынды. Олардың қатарында Ә. Кекілбайұлы («Құсқанаты»), М. Мағауин («Құмырсқа-қырғын»), Т. Әбдік («Оң қол»), Д. Исабеков («Таңдамалы шығармалары»), О. Бөкей («Тоқадан қалған тұяқ»), Т. Нұрмағанбетов («Таңдамалы») еңбектері бар. Мақалада осы шығармалардағы тілдік құралдар, стилистикалық амалдар, авторлық баяндау тәсілдері лингвостилистика тұрғысынан талданды.

Әдебиеттерге шолу

Қазақ тіл біліміндегі стилистика ғылымының қалыптасуы жалпы тіл ғылымының даму заңдылықтарымен тығыз байланыста жүрді. Әдеби тілдің стильдік ерекшеліктерін арнайы зерттеу XX ғасырдың орта тұсында жүйелі сипат ала бастағанымен, бұл бағыттағы алғашқы ғылыми пайымдауларды А. Байтұрсынұлы еңбектерінен кездестіруге болады. Ғалым қазақ сөз өнерінің ерекшеліктерін танытуда, оның ішкі заңдылықтарын зерделеуде алғашқы болып іргелі ойлар айтты. Ол тіл қисынын «асыл сөздің асыл болатын заңдары мен шарттарын танытатын ғылым» ретінде сипаттай отырып, сөздің көркемдік табиғаты мен жасалу заңдылықтарына ерекше мән берді (Байтұрсынұлы, 2003: 163).

Сондай-ақ ғалымның мына пікірінде авторлық стиль жөнінде анық айтылған: «Сол сияқты сөз өнерпаздарының да шығарған сөздерін оқып, лұғатына үйір болғаннан кейін, оның бұрын оқылмаған, аты қойылмаған сөздерін де айтпай тануға болады. Сөздің өзін танытатын белгі – тіл яки лұғат белгісі болады. Ол белгі әркімнің өз ыңғайымен, өз оңтайымен сөз тізіп, әдеттенуінен, салттануынан болады. Әркімнің өз салты болғанмен, ол салттар жалпы сөз тізу салттарынан, шарттарынан аса алмайды. Сөз шығарушылар әуелі сөз ұнасымына керек жалпы шарттарды орнына келтіріп, өзінің өзгеше әдісі болса, соның үстіне ғана қосады. Сондықтан сөз шығарушылар бәрінен бұрын шарттарын білу қажет» (Байтұрсынұлы, 2003: 155). Яғни ғалым тілдік тұлғаның өзіндік сөз саптау мәнерінің қалыптасатынын, алайда оның жалпы тіл заңдылықтарынан тыс дами алмайтынын көрсетеді. Бұл қазіргі стилистикадағы жеке стиль мен жалпы тілдік нормалардың арақатынасы мәселесімен үндеседі.

Демек, қазақ тіл біліміндегі стилистикаға қатысты зерттеулердің негізі әріден басталады. Ал дербес ғылыми сала ретінде қазақ тілінің стилистикасы 1970 жылдары қалыптасты деуге болады. 1974 жылы М. Балақаев, Е. Жанпейісов, М. Томанов, Б. Манасбаевтардың авторлығымен тұңғыш рет кешенді оқулық «Қазақ тілінің стилистикасы» жарық көрді. Онда функционалдық стиль түрлері, сөз қолданыс нормалары, көркем әдебиет тілінің ерекшеліктері жүйеленді (Балақаев, 1974). «Стилистика тілдің қолданылу заңдылықтарын зерттейтін ғылым болғандықтан,

тілдік белгілердің дұрыс қолданылу нормасын көздейді» дей келе, авторлар «тілдік құралдарды дұрыс, ұтымды қолдана білудің қоғамдық үлкен мәні бар» деген пікірге тоқталады. Осы тұрғыдан алғанда, қазақ тіл біліміндегі көрнекті ғалымдардың көзқарастары тоғысатындығы анық байқалады.

Әдебиетші ғалым Қ. Жұмалиев «Стиль – өнер ерекшелігі» атты еңбегінде көркем шығарманың стилін әдеби талдау тұрғысынан қарастырса (Жұмалиев, 1976), тілші Ф. Мұсабекова «Қазақ тілінің практикалық стилистикасы» атты оқулығында мектепте стилистиканы оқыту әдістемесін ұсынды (Мұсабекова, 1982).

Шетелдік тіл білімінде стилистика ғылымы біршама ертерек дамыды: швейцариялық ғалым Шарль Балли XX ғасыр басында стилистиканы лингвистиканың жеке пәні ретінде негіздеп берді. Орыс тіл білімінде В.В. Виноградов, Г.О. Винокур және М.Н. Кожина тәрізді ғалымдар функционалдық стильдерді топтастырды. 1960 жылдары Роман Якобсонның «поэтикалық функция» туралы еңбектері жарыққа шығып, тілдің көркемдік қызметін коммуникация теориясымен байланыста қарастыру басталды. Ал америкалық тілшілер М. Халлидей, Р. Картер, Г. Лич еңбектері қазіргі стилистикада мәтін лингвистикасы, когнитивтік стилистика, прагматилистика сияқты жаңа бағыттардың тууына ықпал етті.

Сонымен академик Рәбиға Сыздықтың стилистика саласындағы зерттеулері қазақ тіл ғылымында маңызды орын алатындығы жоғарыда айтылды. Тілші ғалым М. Балақаев өз еңбектерінде Абай тілін зерттеудің маңыздылығын айтып, осы бағыттағы Р. Сыздықтың жаңашыл тұжырымдарына ерекше баға берді. Сонымен қатар академик Шора Шамғалиұлы да ғалымның «Сөз құдіреті» еңбегін қазақ көркем сөзінің стилистикалық қырларын терең зерделеген бірегей ғылыми зерттеу ретінде атап көрсеткені мәлім. Р. Сыздықтың ғылыми мұрасы халықаралық деңгейде де жоғары бағаланып, ол Түркияның **Dil Kurumu** лингвистикалық қоғамының корреспондент-мүшесі болып сайланды. Сонымен қатар 2024 жылы академиктің 100 жылдық мерейтойына арналған халықаралық ғылыми конгресте Түркі академиясының президенті Ш. Мустафаев Р. Сыздықтың түркі тілдерінің стилистикалық жүйесін зерттеуге қосқан үлесін айрықша атап көрсетті (Turkicacademy, 2024). Демек, ғалымның ғылыми мұрасы тек қазақ тіл білімінің шеңберінде ғана емес, жалпы түркіта-

ну ғылымында да маңызды теориялық негіздердің бірі ретінде қарастырылады.

Р. Сыздықтың лингвистилистиканы жеке сала ретінде негіздеудегі басты жаңалықтарын профессор А. Алдаш төмендегідей топтастырады:

- ұлттық көркем тіл нормаларын анықтауы – көркем шығарманың өзіне тән нормалары болатындығын айқындауы;

- сөзқолданыстардың түрлі тәсілдерін топтастыруы;

- «Автор образы» ұғымын тарқатып айтуы (Алдаш, 2024: 30).

Ғалымның бұл тұжырымдары кейінгі еңбектерде жалғасын тауып, жаңа буын жазушылардың сөз қолданыстық ерекшеліктерін зерттеуде пайдаланылып келеді.

Талдау мен нәтижелер

Қазіргі қазақ көркем әдебиеті жанрларының ішінде әңгіме жанры кеңірек зерттеуді қажет етеді. Әңгіме жанры үлгілерінің белгілі бір кезеңдегі стилін синхронды тұрғыдан зерттеу сол кезеңдегі қазақ тілінің жалпы даму сипатындағы көркем әдебиеттің орнын, тіл қолданысындағы стильдік ерекшеліктерді кешенді түрде тануға мүмкіндік береді, сөйтіп, стилистика саласын ғылыми-практикалық жағынан жетілдіруде маңызды рөл атқарады.

Қазақ әдебиетінде соңғы ширек ғасырда әңгіме жанры ерекше қарқын алды. Стильдік тұрғыдан жаңаша ізденістерімен ерекшеленетін қаламгерлер қатарына Ә. Нұрпейісов, Т. Ахтанов, Т. Әлімқұлов, Ә. Кекілбаев, А. Сүлейменов, Ә. Тарази, О. Бөкей, С. Мұратбеков, С. Жүнісов, Б. Соқпақбаев, Ш. Мұртаза, Қ. Жұмаділов, Д. Исабеков, Т. Әбдік, С. Асылбекұлы, Т. Нұрмағамбетов, С. Бақбергенов, О. Сәрсенбаев, Д. Досжан, М. Қабанбай сияқты жазушыларды жатқызамыз.

Мақалада аталған авторлардың барлығының шығармашылығын толық қамту мүмкін болмағанымен, олардың көркемдік және стильдік ерекшеліктерін айқындайтын негізгі тенденцияларды көрсету мақсатымен бірқатар жазушылардың әңгімелеріне стилистикалық талдау жүргізілді.

Қазіргі қазақ әдебиетінде қаламгердің стильдік қуатын танытатын стилистикалық амалдардың бірі – **теңеулер**. Теңеулер көркемдік бейнелеу құралдары жүйесінде ерекше орын алады, олардың қолданылуы қаламгердің дүниетанымын, тілдік шеберлігін танытады.

Қазақ тіл білімінде теңеулерді арнайы зерттеген профессор Т. Қоңыров оларды *тұрақты* және *еркін теңеулер* деп жіктейді. Сондай-ақ *еркін теңеулердің* стильдік тәсіл ретінде қалып, қазақ тіл білімінде арнайы зерттелмегендігіне назар аудартады (Қоңыров, 1978: 180).

Бұл көзқарасты академик Р. Сыздықтың теңеудің табиғатын таныммен байланыстыра қарастыруы толықтырады. Ғалым: «Теңеу – таным нәтижесі, сондықтан теңеулердің дені этнографиялық, ұлттық сипатта болады» дейді (Сыздық, 1997: 18). Демек, теңеулер – тек көркемдік тәсіл ғана емес, сонымен бірге, қазақ әдеби тілінің стильдік қабаттарын танытатын маңызды тілдік элементтер.

Біз зерттеуімізде қазіргі қазақ әңгімелеріндегі *еркін теңеулерге* көбірек тоқталамыз. Бұл теңеулер автордың көркемдік ойлау жүйесін, ұлттық көркем тіл нормаларындағы өзіндік үлесін, сондай-ақ қаламгерлердің стильдік даму қарқындылығын айқындайтын маңызды көрсеткіштердің бірі болып табылады.

Профессор А. Алдаш қазіргі қазақ көркем-сөз өрнегіндегі теңеулерге байланысты мынадай пікір білдіреді: «Көркем мәтіндегі теңеулер жүйесіне лингвостилистикалық талдау жасаудың салмағы бар. Теңеулер – көркем тілде ең жиі қолданылатын көріктеу құралы, автордың эмоция туғызатын, бағалайтын позициясы теңеулерде эксплицитті түрде анық көрінеді. Ең бастысы – ұлттық мәдени-рухани таным арқылы жүйеленген образдар тобын құрайды, сөйтіп, қазақ ұлтының ментальды ойлау ерекшеліктерін танытады» (Алдаш, 2024: 87).

Бұл тұжырым мәдени кодтардың қоғамның болмысын, құндылықтарын бейнелейтіні туралы пікірмен үндеседі. Өйткені мәдени кодтар халықтың ғасырлар бойы жинақтаған танымдық тәжірибесін көрсетсе, көркем мәтіндегі теңеулер – осы танымның көркемдік бейнеленуінің бір формасы (Sultan, 2025: 126).

Қазіргі қазақ әңгімелеріндегі қаламгерлердің ізденісінен туған теңеулердің берілуі төмендегідей:

Көркем прозаның көрнекті өкілі Әбіш Кекілбайұлының сөз қолданысындағы теңеулер: *Ине-жіптен жаңа шыққандай сусып, оқтау жұтқандай илікпей, шақшасын ұмытқан насыбайшыдай өлденеге есеңгіреп, үйінен су шыққандай ел айнала далақтап, тойған қозыдай томпып, қанаты сынған шыбындай еміс-еміс ызыңдаған, құдды құран оқып отырғандай әр сөзін бір ай созады, өз басымен ақыруды да білмейтін әңгі есектей,*

ақ уыздай қылып алтыс үй тігеді, аппақ қаздай ақ жұмыртқа, іріген айрандай алашабырланып тұрған аспан (Кекілбайұлы, 1978).

Қаламгер тұрақты теңеулерді аз қолданады, сондай-ақ тілдік санамызда қалыптасқан кейбір тұрақты теңеулерге жаңаша мән беріп қолданады. Мәселен, ұлттық танымда орныққан *«үйыған айрандай»* теңеуін *«іріген айрандай»* деп қарама-қарсы мәнде қолдану арқылы контраст туғызып, әңгіменің прагматикалық әлеуетін күшейте түседі. Тіл ұстанушыға етене таныс *«үйыған айрандай»* теңеуінің құрамындағы жағымды мәндегі сөзді *«іріген айрандай»* деген жағымсыз мәнде жұмсау арқылы оқырманның санасында жаңаша образ туындатады.

Ал М. Мағауин шығармаларынан ұлттық танымда бұрыннан орныққан, сонда да оқырманға әсерін жоғалтпайтын «классикалық» теңеулер жиі кездесетіндігін байқаймыз. Мәселен, *құлынтайдай бірге ойнап, аспан самаладай жарық, жібектей есілген биязы, өлденедей дүлей күш, жұдырығы тоқпақтай, шынашақтай гана бірдеңе* (Мағауин, 2004). Бұл – қаламгердің дәстүрлі сөздік қорды шығармашылықпен игеруінің, қазақ әдеби тілінің бейнелеу мүмкіндіктерін толыққанды пайдалана білуінің айқын көрінісі.

Мұндай қолданыстар Т. Әбдіктің әңгімелерінде де бар: *мұнтаздай киінген, кесанат дауылдай үдей, ботадай боздап, құранның шаригатындай, табиғаттың үстінен шыққан жолаушыдай, інге қамалған жәндіктей, жарылған өттей өзегін қыжылдатқан ащы уайым, аппақ күмістей сақалы беліне түскен* (Әбдік, 2002).

Мұндағы *«ботадай боздау», «аппақ күмістей сақал», «мұнтаздай»* теңеулері әдебиет пен ауызекі тілде бұрыннан қалыптасқан, оқырманға таныс әрі мағынасы тұрақталған. *«Құранның шаригатындай», «табиғаттың үстінен шыққан жолаушыдай», «інге қамалған жәндіктей»* сынды теңеулер автордың өз іздесінен туындаған. *«Жарылған өттей»* деген де сондай, өйткені ұлттық танымда *«өті жарылардай», «өті жарылғандай»* деген сияқты тіркестер кездеседі де, оның құрамындағы компоненттерінің орнын ауыстыру арқылы жасалған *«жарылған өттей»* теңеуі прагматикасы тұрғысынан өзгеше әлеуетке ие болады. Яғни оқырманның санасында әбден орныққан бұрынғы форманы күрт өзгерту арқылы үйреншікті образды түбегейлі өзгертіп, басқаша қабылдауға түрткі болады.

Қазіргі қазақ прозасындағы теңеулердің қолданылуы қаламгерлердің тілдік ізденістерін, көркемдік бейнелеу құралдарын меңгеру

деңгейін көрсетеді. Жазушылар тұрақты теңеулерді де қолданады, сондай-ақ олардың мағыналық аясын кеңейтіп, жаңаша теңеу жасайды, сонымен қатар өз ойынан жасалған авторлық теңеулерін де ұсынады. Сөйтіп тың стилистикалық тәсілдерді енгізеді. Академик Р. Сыздық жалпы көркем шығармада оқиға орнын немесе кейіпкерлердің арасындағы қатынастарды ұзын-сонар сипаттау арқылы баяндау тәсілін аса жөн көрмейтін. Көркемдеуіш тәсілдерді де бірінен кейін бірін келтіріп, үстін-үстіне пайдалану оқырманды жалықтырып жіберуі мүмкін екенін алға тартатын. Бейнелі сөз өрнектерін оқырманның эстетикалық сезіміне әсер ету үшін андасанда қолданудың тиімділігі жоғары екенін ескертіп отыратын. Ғалымның осы идеясы кейінгі жас жазушылардың шығармашылығында негізгі үрдіске айналғандай. Бұл Д. Амантай, А. Елгезек сынды тәуелсіздік кезеңінде есімі елге танылған қаламгерлердің әңгімелерінен байқалады.

Әрбір қаламгер теңеу арқылы өз стилін, тілдік қолданысын, көркемдік көзқарасын танытады. Демек, қазіргі қазақ әңгімелеріндегі теңеулер автордың шығармашылық ізденісінің көрсеткіші ғана емес, жалпы әдеби тілдің даму заңдылықтарын айқындайтын факторлардың бірі болып табылады.

Ойымызды сабақтай түсу үшін төмендегі тілдік деректерге назар аударайық:

- Д. Исабеков өз шығармаларында оқырманның күнделікті тұрмысында пайдаланылатын заттардың атауларын түрлендіре жұмсап, жаңаша теңеулер жасайтыны байқалады: *жүнін жұлған құстың денесіндей, үсіген картоптай, бейне бір құмырсақдай таптап, ақ қардың үстіне әлдекім қара май жағып кеткендей алыстан шұбарланып, тапталған қамырдай, айырдай қолдар, құлаққа ұрған танадай тым-тырыс, бетімді от шарпып алатындай, алпамсадай иығына асыла кеттім* (Исабеков, 2014);

- ал О. Бөкей шығармаларында табиғаттағы ерекше құбылыстар мен ауыл өмірінде кездесетін жануарлардың, құстардың атауларын түрлендіру арқылы жасалған авторлық теңеулер көбірек жұмсалады: *бүлкетеп құлындай еріп, құндыздай шулаған біз, бұзауы өлген сиырдай тұлыпқа мәңгіреп, қаздың балапанындай алқақотан жайғасқан, маздай жанған от, томаршадай тым кішкене, қаздың балапанындай үрпісіп, алпамсадай, тойған қозыдай томпиып, қалаша салынған, оқтай түзу көшелер, қаздай тізілген ақ шағала үйлер, гажайып түс көргендей боласың, іннің аузындағы суырдай шоқиып,*

көк күмбезіне найзадай кіріп, жеңілген иттей құйрығымды қысып, томағасын сыпырған бала бүркіттей шаңқ етіп, жауынға тиген қыл арқандай ширатып алатын, жауыннан кейінгі жауқазындай (Бөкей, 2003);

- Т. Нұрмағанбетов туындыларында да табиғаттағы әдемі көріністер мен күнделікті өмірде кездесетін заттардың, жабайы жануарлардың атауларын түрлендіру арқылы жасалған авторлық теңеулер ұтымды шыққанын көреміз: *аюдай гүжілдеп тұр, арқардың құлжасындай одырая қарап, маржандай сұлу жазатын, жынды адамдай кеңкілдеп, жібектей түтіліп, иіріліп түскен қара жіптей, тау аралап келе жатқан ергежейлідей, түтіндер жүндей түтіліп* (Нұрмағанбетов, 2024).

Сонымен, қазіргі қазақ әңгімелеріндегі теңеулердің қолданылу ерекшелігі мен даму үрдісін қарастырғанда, олардың бұған дейінгі әдебиетпен салыстырғанда бірқатар өзгешеліктерге ие екенін байқауға болады. Қазақ прозасының классикалық үлгілерінде теңеулер көбіне халықтық таныммен, дәстүрлі образдармен тығыз байланысты болса, қазіргі әңгімелерде бұл бейнелеу тәсілі жаңаша мәнге ие болып, авторлық стильдің айрықша көрсеткіші ретінде қызмет атқарады.

XX ғасырдың алғашқы жартысындағы шығармаларда теңеулер көбіне фольклорлық шығармалардан алынып, тұрақты құрылымдар арқылы беріледі. Мысалы, *«жылан жалағандай», «қасқырдай жортқан», «арыстандай айбатты», «қой аузынан шөп алмайтын»* секілді теңеулер қазақтың дәстүрлі танымында орныққан әрі жиі қолданылған. Ал қазақ қаламгерлерінің аға буыны ұлттық әдеби тілдің жаңа стилін қалыптастыруға ұмтылып, халық ауыз әдебиетінің тілдік қорын шығармашылықпен игеруге ден қойғандығын байқаймыз. Біріншіден, бұрынғы тұрақты теңеулердің орнына авторлық теңеулер жиі қолданыла бастады. Бұл әсіресе Ә. Кекілбайұлы, О. Бөкей, Т. Әбдік, М. Мағауин, Д. Исабеков, Т. Нұрмағанбетов сынды жазушылардың шығармаларынан байқалады. Олардың прозасында дәстүрлі теңеулерді жаңаша өңдеумен қатар, күнделікті тұрмыстан алынған жаңа образдық теңеулер қалыптасты. Мысалы, Ә. Кекілбайдың *«іріген айрандай алашабырланып тұрған аспан», «шақшасын ұмытқан насыбайшыдай есеңгіреу»* секілді теңеулерін қазақ тілінде бұрын кездеспеген, алайда экспрессивтік бояуы қалың, өте әсерлі тың сөз өрнектері деуге болады.

Екіншіден, қазіргі қазақ прозасындағы теңеулер табиғатты, адамның ішкі күйзелісін, әлеуметтік құбылыстарды бейнелеуде символдық мәнге ие, психологиялық тұрғыдан астарлы сипаты басым болып келеді. Мысалы, О. Бөкейдің «*іннің аузындағы суырдай шоқыт*», «*бұзауы өлген сиырдай мәңіреп*» деген теңеулері оқиғалар мен кейіпкерлердің көңіл күйін тереңірек ашуға бағытталған. Алайда қазіргі қала өміріне бейімделген жас оқырман үшін бұндай көркем сөз өрнектерінің әсері орта буынмен салыстырғанда солғындау болатыны анық.

Т. Әбдіктің «*жарылған өттей өзегін қыжылдатқан ащы уайым*» деген теңеуі адам жанының күрделі психологиялық жай-күйін оның ағзасында болатын физиологиялық хәлімен салыстыру арқылы барынша дәл сипаттап, шынайы жеткізеді. Қазіргі қоғам мүшелерінің көпшілігіне етене таныс «өт толу» құбылысын теңеуге арқау еткен жазушы оқырманның тән жарасын дөп басқандай болады. Адамды мазалайтын, оның денсаулығына қатысты осындай қолданыстар баяндаудың экспрессивтік әсерін күшейтіп, бұндай теңеулер оқырманға кейіпкердің эмоциясын барынша шынайы сезінуге мүмкіндік береді.

Үшіншіден, заманауи теңеулерде урбанистік, жаһандық әлеммен байланысты элементтер жиі көрініс табады. Қазіргі қалагерлер дәстүрлі болмыстан бөлек, заманауи қоғамның бейнесін барынша шынайы көрсету үшін де теңеу тәсілін кеңінен қолданады. Мәселен, «*жаралы жандай селқос*», «*әлемнің түкпіріне тасталған жетімдей*», «*бетіне түнгі қаланың шамдары түскендей бозарып*» және т.б. Осы мысалдардың ішінде заманауи қоғам дертіне айналған адам сату проблемасын еске түсіретін «*әлемнің түкпіріне тасталған жетімдей*» деген теңеудің прагматикалық әсері ерекше десек, қателеспейміз. Өйткені ХХ ғасырдың басында қазақ қоғамында кең етек алған балалар үйіндегі жетім балаларды шетелдіктерге сату инциденті қоғамда үлкен наразылық туғызғаны мәлім. Кеңеске дейінгі кезеңде қазақ халқы жетімін жат ел түгілі, басқа ауылға да тентіретпеген. Жетім қалған баланы әкесінің туыстары асырап алған, қала берді нағашылары бағып, тәрбиелеген. Ал «*әлемнің түкпіріне тасталған жетімдей*» деген теңеу қазіргі социум үшін тосын естілмейтіндей үйреншікті жағдайға айналып бара жатқаны жасырын емес. Бұл да жаһандану ықпалымен ұлттық танымға жат құбылыстардың қазіргі қоғамдық санаға біртіндеп еніп, орнығып жатқанын көрсететін теріс үрдіс.

Қазіргі қазақ жазушыларының шығармаларынан келтірілген тілдік деректерден жеке қалагерлердің өзіндік жаңаша образ жасауға талпынған ізденістері айқын аңғарылады. Бұл қазақ прозасында бейнелеу тәсілдерінің дамуы жағынан заман көшіне ілесіп келе жатқанын көрсетеді. Көркем әдебиет тілі өзгеріп, әрбір жаңа буын жазушыларында тың стильдік ерекшеліктер қалыптасатыны заңдылық.

Қазіргі қазақ әдебиетінде кеңінен қолданылатын стилистикалық амал – *қайталау*. Дыбыстық қайталаудан бастап, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік қайталау секілді стилистиканың тілдік механизмдеріне қазіргі әдебиеттен көптеген мысалдар келтіруге болады. Мәселен, Ә. Кекілбайұлының «*Көлденең көк атты*» әңгімесінде жазушының стилистикалық шеберлігі қайталау, параллелизм, ритмикалық құрылым арқылы айқындалатын тіркестер көп кездеседі. Әрбір үзіндідегі тілдік тәсілдер баяндау динамикасын күшейтіп, оқырманға эмоционалдық тұрғыдан ерекше әсер етеді.

Мына үзіндіде лексикалық қайталау мен семантикалық градация айқын байқалады: «*Сөйтіп жүріп Дайыр нағашымның баптаған аты жүйрік. Сөйтіп жүріп Дайыр нағашымның жүгірткен иті жүйрік. Сөйтіп жүріп Дайыр нағашымның кемпіріне қамшысы жүйрік*» (Кекілбайұлы, 1978: 240). Мұнда «сөйтіп жүріп» тіркесі мен «жүйрік» сөзі қайталанып, мәтінге ырғақтық мәнер береді. Бастапқы екі сөйлем дәстүрлі, логикалық тұрғыда қабылданады, яғни, ат пен иттің жүйріктігі – табиғи қасиет. Ал үшінші сөйлемде «жүйрік» сөзі тосын мағынада қолданылып, юморлық-ирониялық әсер тудырады. Бұл контекстік метафора – қазақ әдебиетіндегі ауызекі тіл элементтері мен фольклорлық баяндау дәстүрін үйлестіре отырып, жаңаша дамытудың айғағы.

Ал «*Содан бір адам, бір ит боп бір күн жүреді – біздің ауылға жете алмайды, екі күн жүреді – жете алмайды, үш күн жүреді – жете алмайды*» (Кекілбайұлы, 1978: 241) деген сөйлемде грамматикалық параллелизм қолданылады. «Жете алмайды» тіркесі сөйлемнің соңында үш рет қайталанып, әрекеттің ұзаққа созылуын, кейіпкерлердің шарасыздығын әсерлі жеткізеді. Мұндай тәсіл оқырманға оқиғаның ауырлығын терең сезінуге мүмкіндік береді. Сан есімдердің (бір, екі, үш) бірізді қайталануы кейіпкердің уақытты субъективті қабылдауын көрсетеді және оқиғаның драматизмін арттыра түседі. «*Тынымсыз қимылдаған жан иесі тыным таппайды*.

Тыным таппаған көңіл тынымсыз күй кешеді» (Кекілбайұлы, 1978: 240) үлгісі де морфологиялық қайталауға негізделген. Мұнда «тыным» сөзі бір түбірден тараған әртүрлі тұлғада қолданылады. Бірінші сөйлем физикалық белсенділікті білдірсе, екіншісі – оны психологиялық күймен байланыстырады.

Көркем проза тілінің стилистикасын зерттеген профессор Б. Шалабайдың мына тұжырымы біздің осы талдауларымызды дәйектей түседі: «Синтаксистік қайталаулар лексикалық қайталаулармен, ал лексикалық қайталаулар дыбыстық қайталаулармен үштасып, шығарманың ырғақтық-әуезділік құрылымын қалыптастырады. Бұл, әсіресе, эмоциялық әсері басым баяндауларда, кейіпкердің ішкі жан дүниесін терең ашуда маңызды рөл атқарады» (Шалабай, 2007: 207). Осы көзқарас қазақ прозасындағы стильдік тәсілдердің табиғатын түсінуде маңызды, себебі қайталамалар тек композициялық бірлікті сақтап қана қоймай, кейіпкердің психологиялық күйін, баяндау ырғағын және мәтіннің көркемдік тұтастығын қамтамасыз етеді.

Т. Нұрмағанбетов әңгімелерінде қайталаудың шебер үлгілері бар. Жалпы қайталау уәжді қолданылған кезде шығарманың эстетикалық күшін арттырады, ал уәжсіз қолданылса, жазушы сөз мағынасын көмескілендіріп, айтар ойын оқырманға жеткізе алмай қалуы мүмкін. Дегенмен, жоғарыда аталған қазақ жазушылары, көркемсөзді қай қырынан болсын, шебер таныта алған. Мәселен, Т. Нұрмағанбетовтың «Қауынның иісі» әңгімесінде былай беріледі: *«Иә, бәрі де жеңді. Бәрің де жеңдіңдер мені. Кәрілік, сен жеңдің. Сен дегеніңе жеттің ақыры...»* (Нұрмағанбетов, 2024). Мұндағы тілдік қайталаулар мағыналық градация тәсілін көрсетеді, яғни ой біртіндеп тереңдейді. Тілдік тұрғыдан қарапайым *«бәрі де жеңді», «бәрің де жеңдіңдер», «сен жеңдің»* – бұл сөйлемдерде есімдіктерді (бәрі, бәрің, сен) біртіндеп даралау тәсілі қолданылады. Ал *«кәрілік»* сөзі метафоралық мәнде жұмсалған. Жалпы дүниеге келген адамның түбінде бір қарғаятыны мәлім. Бұны қазақтың кәрілікті «үш дауасыздың» қатарына қосқанынан да көреміз. Жазушының шеберлігін сол абстрактылы ұғым атауына жан бітіріп, бейнелей қолдану арқылы, «жеңу» етістігін бірнеше рет қайталай жұмсап, оқырманға тигізетін әсерін үдете түскенінен аңғарамыз.

«Көзімнің алды тұманданып кетті. Көзімнің алды тұманданып кеткен жоқ. Өн бойымнан жылан жорғалап өткендей болған соң, ес

танды халде, таз-тақырланып жатқан далада өз-өзімнен қуыстанып, өз-өзімнен шошынғаным шығар. Таз-тақырланып, жоны шыт-шыт жосылып кеткен даланың, өрмекшінің торындай шимай-шатпақтанып жарылып кеткен даланың дел-сал кеші еді. Мен ганамын... Жоқ, мен гана емес, қыбыр-қыбыр басып адамдар гана жүр». Бұл – Оралхан Бөкейдің «Үйқым келмейді» әңгімесінен алынған үзінді.

Мәнмәтіндегі кейіпкердің өз сөзін өзі қайталап, жоққа шығаруы арқылы жасалған лексикалық референттік қайталау әдісі оқырманды да әрі-сәрі күйге түсіреді: *«Көзімнің алды тұманданып кетті. Көзімнің алды тұманданып кеткен жоқ: ... Мен ганамын. Жоқ, мен гана емес».*

Бір сөйлемде өзіне қатысты қос сөзді қайталау арқылы кейіпкер басынан өтіп жатқан оқиғаға оқырманды да еріксіз араластырып жібергендей әсер қалдырады: *«Таз-тақырланып жатқан далада өз-өзімнен қуыстанып, өз-өзімнен шошынғаным шығар».* Мұндай қайталаулар арқылы күшейту тәсілдерінен қазақ қаламгерлері плеоназм, мағыналық градация, синтаксистік параллелизм сияқты қарқындырғыштарды жиі қолданатыны байқалды.

Яғни мұндай стильдік амалдар автордың тілдік экспериментке бейімдігін, ұлттық баяндау дәстүрін жаңаша дамытуға ұмтылысын байқатады. Қаламгер шығармасындағы қайталау – мәтіннің мағыналық тұтастығын сақтайтын әрі эмоционалдық бояуын қоюландыратын тәсілдердің бірі.

Тағы да айта кететін мәселе – қазіргі қазақ жазушыларының бейнелі образ жасау тәсілі. Көркем мәтіндегі бейнелілік – автордың сөз қолданысынан, троптар мен стилистикалық тәсілдерді үйлесімді пайдалануынан көрініс табатын маңызды сипат. Жазушының тілді игеру шеберлігі тек оқиғаның мазмұнын баяндаумен ғана шектелмей, оны эмоционалдық, экспрессивтік тұрғыдан әсерлі етіп жеткізуімен де айқындалады.

Мәселен, *«Дастарқан үстіне төгілген күрең шай «сай-сайды» қуалай ағып, төменде отырған Есіркептің алдындағы бір үзім нанға жетті де, үйіріліп тоқтады. Маналы бері дастарқанды торуылдап жүрген үш-төрт қара шыбынның бірі Шәмішбайдың алдындағы төгілген шайға тұмсығын тигізіп сәл кідірді де, атқұмырсақдай жорғалап саусағына өрмеледі, оған да көңілі толмаған соң, бір ұшы тістелген қантқа қонып, іздегенін енді тапқандай қадала қалды»* (Исабеков, 2014). Д. Исабековтың «Қара шаңырақ» әңгімесінен алынған бұл үзіндіде жазушы-

ның шағын ғана дастархан бетіндегі әрекетті ең далада ағып жатқан кең арналы өзенге қатысты жұмсалатын теңеумен сипаттау арқылы әңгімесіне жан бітіргендей әсер қалдырады: дастарханға төгілген күрең шайды көрген кейіпкердің есіне «*сай-сайды*» қуалай аққан өзен бейнесі түссе, оқырман санасында да осыған ұқсас сурет қылаң беретіні анық.

Жоғарыда жасалған лингвостилистикалық талдау негізінде мынадай тұжырымдар жасауға негіз бар:

Біріншіден, антропоморфизм мен зооморфизмнің қабаттаса қолданылуы образды ойлаудың ерекшеліктерін көрсетеді. Д. Исабеков әңгімесіндегі «*сай-сайды қуалай ағып*» тіркесі арқылы шайдың төгілуі мен қозғалысы табиғи құбылыстарға (өзеннің ағуына) ұқсатылып, метафоралық бейнелеу жасалған. Бұл тәсіл шайдың кездейсоқ төгілуін емес, кейіпкердің толқып отырғанын білдіреді, яғни оның ішкі эмоциялық күйіндегі мазасыздықты меңзеу арқылы көріністі жандандыра түседі.

Екіншіден, тұрмыстық детальдарды поэтикалық деңгейге көтеретін троптардың үйлесімді қолданылуы, оның ішінде теңеу мен метафораның жүйелі орналасуы жазушының лингвостилистикалық шеберлігін айқындайды. «*Тұмсығын тигізіп сәл кідірді*», «*атқұмырсақдай жорғалап саусағына өрмеледі*», «*іздегенін енді тапқандай қадала қалды*» сияқты тіркестер – көркем прозадағы бейнелілік пен құрылымдық ұйымдасудың үйлесімін танытатын стильдік ерекшелік. Бұл жерде ерекше назар аударатын элемент – «*атқұмырсақдай жорғалап*» теңеуі. Мұнда шыбынның қозғалысы дәстүрлі қабылданатын «үшып-қону» әрекетімен емес, жәндікке тән «жорғалау» динамикасымен беріледі.

Үшіншіден, қазақ прозасындағы дара қолданыстар тілдік және бейтілдік құралдар есебінен жасалады. Яғни жазушы жаңаша теңеулерді жасауда сөздік қорымызда бұрыннан бар атаулар мен сөз тіркестерін түрлендірумен қатар, ел өмірінде пайда болып, тұрмысына енген, қоғамдық санада өзіндік орнын алып үлгерген түрлі экономикалық жаңалықтарды, әлеуметтік факторларды пайдалануға тырысады. Өйткені реалды өмірден тыс тұрған көркем шығарманың өміршең болуы екіталай. Сондықтан оқырман жүрегіне жол табуға ұмтылған жазушы міндетті түрде шынайылықты бірінші орынға қояды.

Бұл тұрасында И.А. Стернин мынадай пікір айтады: «Сөздің метафоралық сипаты мен оның тіл арқылы түсінілетін ішкі формасы – бейнелі

лексика қорына жататын негізгі критерийлердің бірі болып табылады. Дегенмен, белгілі бір сөздің бейнелі мәнге ие болуы үшін оның семантикалық құрылымы екі деңгейлі болуы шарт. Бұл құрылымда екінші деңгей реалияға қатысты сезімдік ұғыммен ұштасады. Басқаша айтқанда, сөздің бейнелі мәні эмпирикалық негізге сүйенеді, яғни адамның өмірлік тәжірибесі мен қоршаған ортаны қабылдау ерекшеліктерімен тығыз байланысты» (Стернин, 2008: 34).

«*Жылдар дегеніміз – киімге түскен қара күйе секілді зой, адамның да жасын кеміктеп, жанын білдірмей тоздыра бастайтыны рас-ты*» (Бөкей, 2013: 14) немесе «*Жаңбыр толастар емес, құлаққа тасқа тиіп тайғанап жатқан сыбдыр-сыбдыр үн естіледі*» (Бөкей, 2013: 44), «*Қақ төрдегі қарагай столда пальтосын иығына іліп алған шаңды бет қасқайған қара отыр. Ақ темірден салған жалтырақ тісін бір жарқ еткізіп жәй сұрады*» (Кекілбайұлы, 1978: 283), «*Әңгіме тыңдап отырып, анадай жерде тұрған тор-тор қағаз салғыштың ішіндегі газетті қайта-қайта тысырлатып әуелі түкірігін қояды*», «*Бұл келгені шаруасын енді аяқтай бергенде, жалтыр тіс өзінің сорайған ұзын мойнын ұңғырасынан бұрап жұлып алғысы келгендей, иіре бұрып, бұның иегінен маңдайына қарай, маңдайынан иегіне қарай ерсілі-қарсылы екі рет тінте шолып шықты*» (Кекілбайұлы, 1978: 284).

Қазақ көркем прозасында бейнелілік құбылысы тілдік құралдардың көпқырлы қолданысы арқылы жүзеге асатыны белгілі. О. Бөкей, Ә. Кекілбайұлы, Д. Исабеков шығармаларынан алынған бұл үзінділер осы көркемдік сипаттың әртүрлі деңгейдегі көріністерін аңғартады. О. Бөкейдің «*Жылдар дегеніміз – киімге түскен қара күйе секілді зой...*» деген сөйлемінде метафоралық салыстыру уақыт ұғымын материалдық затпен ұштастыру арқылы беріледі. Мұнда «*қара күйе*» ұғымының таңдалуы тек сыртқы ұқсастыққа емес, оның біртіндеп білінбей әсер ететін табиғатына негізделеді. Бұл тәсіл қазақ әдеби тілінде орныққан уақыт метафораларымен үндес. «*Сыбдыр-сыбдыр үн*», «*жалтыр тіс*», «*сорайған ұзын мойын*» секілді дәстүрлі тіркестердің экспрессивтік сипаты мәтіндік контексте («*құлаққа тасқа тиіп тайғанап жатқан; ұңғырасынан бұрап жұлып алғысы келгендей, иіре бұрып; Ақ темірден салған жалтырақ тісін бір жарқ еткізіп жәй сұрады*») тәуелді дамып отырады.

Демек, қазақ көркем прозасындағы бейнелілік пен стильдік айшықтау тәсілдері авторлық

қолтаңбаның даралығын танытумен қатар, ұлттық баяндау дәстүрінің жаңаша сипат алуына ықпал етеді.

Қорытынды

Сонымен тіл біліміндегі лингвостилистика көркем әдебиет тілін зерттеудің маңызды бағыты ретінде қалыптасып, функционалдық стильдер мен көркемдік тәсілдердің ерекшеліктерін терең талдауға мүмкіндік береді. Бұл салада академик Рәбиға Сыздықтың ғылыми еңбектері айрықша орын алады. Ғалымның зерттеулері қазақ әдеби тілінің стилистикалық жүйесін айқындап, көркем проза тілінің стильдік ерекшеліктерін тануда, әдеби нормалар мен тілдік қолданыстың эволюциясын саралауда теориялық негіз болады.

Қазіргі қазақ прозасындағы стилистикалық амалдардың дамуын талдау барысында теңеу, қайталау, образды сөздердің эстетикалық қызметі айқындалып, олардың көркем мәтін түзудегі рөлі мен прагматикалық әсері көрсетілді. Қазақ әңгімелерінің тілі мен стилін зерттеу нәтижесінде қазіргі көркем әдебиетте жазушылардың өзіндік стильдік ерекшеліктері қалыпта-

сып, ұлттық баяндау дәстүрінің жаңа қырлары ашыла түскені байқалды. Жалпы, Рәбиға Сыздықтың ғылыми мұрасы мен тұжырымдамалары қазақ тілінің көркемдік қырларын зерттеуде өзектілігін жоғалтпай, стилистика ғылымының дамуына әрі қарай да негіз болатыны сөзсіз. Ғалымның еңбектеріндегі концепциялар көркем әдебиет тілі мен жалпы тіл мәдениетін зерттеуге жаңаша қырынан қарап, қазақ әдеби тілінің стилистикалық мүмкіндіктерін тереңірек тануға негіз болады. Академик Рәбиға Сыздықтың лингвостилистикалық зерттеулеріндегі негізгі тұжырымдамаларды әдебиет әлеміне енді қадам басқан жас жазушылардың прозасын зерделеуде қолданудың берері мол. Атап айтқанда, қазіргі қазақ әңгімелеріне лингвостилистикалық талдау жүргізгенде дәстүр сабақтастығымен қатар жастардың креативті көзқарасына баса назар аударған жөн.

Мақала ЖТН АР23486743 «Қазақ лингвостилистикасындағы академик Рәбиға Сыздық тұжырымдамалары: қазіргі қазақ әңгімелерін талдаудың метамоделі» атты гранттық жоба аясында әзірленді.

References

- Aldash, A. (2024) Qazirgi qazaq kórkemsoz órnegi [Modern Kazakh literary language]. Almaty: Qazaq universiteti. (in Kazakh)
- Ábdikuly, T. (2002) Oñ qol [The right hand]. Almaty: Atamura. (in Kazakh)
- Bally, Sh. (1961) Frantsuzskaya stilistika [French stylistics]. Moscow: Izd-vo inostr. lit. (in Russian)
- Balaqaev, M., Janpeisov, E., Tomanov, M., Manasbaev, B. (1974) Qazaq tiliniñ stilistikasy [Stylistics of the Kazakh language]. Almaty: Mektep. (in Kazakh)
- Baitursynuly, A. (2003) Bes tomdyq shygarmalar jınagy [Five-volume collection of works]. Comp.: A. Isimakova, G. Piralieva. Almaty: Alash. (in Kazakh)
- Bókei, O. (2003) Toqadan qalğan túyaq [Toka's legacy]. Astana: Tanyim. (in Kazakh)
- Isabekov, D. (2014) Tañdamaly shygarmalary [Selected works]. Almaty: Aı□anym. (in Kazakh)
- Jumaliev, Q. (1966) Stil – óner ereksheligi [Style as an artistic feature]. Almaty: Jazushy. (in Kazakh)
- Kekilbaiuly, Á. (1978) Qúsqanaty [Wings of a bird]. Almaty: Jazushy. (in Kazakh)
- Maǵauin, M. (2004) Qúmırsqa-qyrǵyn [Ant massacre]. Astana: Audarma. (in Kazakh)
- Musabekova, F. (1982) Qazaq tiliniñ praktikalıyq stilistikasy [Practical stylistics of the Kazakh language]. Almaty. (in Kazakh)
- Nurmaǵambetov, T. (2024) Tañdamaly [Selected works]. Almaty: Mektep. (in Kazakh)
- Qonyrov, T. (1978) Qazaq teñeuleri [Kazakh similes]. Almaty: Mektep. (in Kazakh)
- Shalabai, B. (1994) Kórkem proza tili [Language of artistic prose]. Almaty: □ylym. (in Kazakh)
- Sternin, I.A., Rozenfeld, M.Ya. (2008) Slovo i obraz [Word and image]. Voronezh: Istoki. (in Russian)
- Sultan, Y., Yessenova, K., Seyitova, B., Baltabayeva, Z., Koblanova, A., Ismailova, F. (2024) Fostering cultural awareness and academic engagement through poetry analysis in Kazakh educational contexts. Journal of Ethnic and Cultural Studies, Vol. 11(4), P. 124-147. <https://www.jstor.org/stable/48799350> (in English)
- Sýzdyqova, R. (1968) Abai shyǵarmalaryniñ tili [The language of Abai's works]. Almaty: □ylym. (in Kazakh)
- Sýzdyqova, R. (1993) Qazaq ádebi tiliniñ tarihi (XV–XIX ǵasyrlar) [History of the Kazakh literary language (15th–19th centuries)]. Almaty: Ana tili. (in Kazakh)
- Sýzdyqova, R. (1997) Sóz qudireti [The power of words]. Almaty. (in Kazakh)
- Turkicacademy (2024) International Scientific Congress Dedicated to the 100th Anniversary of Rabiga Syzdyk [Electronic resource]. URL: <http://www.turkicacademy.org/International-Scientific-Congress> (Date of use: 01.10.2024).

Авторлар туралы мәлімет:

Есенова Қалбике Өмірбайқызы – филология ғылымдарының докторы, профессор, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: kalbike_65@mail.ru).

Исмаилова Фариза Кенжеғалиқызы – постдокторант, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті (Қазақстан, Алматы, e-mail: fari1996@mail.ru).

Information about the authors:

Kalbike Omirbaykyzy Yessenova – Doctor of Philological Sciences, Professor, Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: kalbike_65@mail.ru).

Fariza Kenzhegalikyzy Ismailova – Postdoctoral Researcher, Abai Kazakh National Pedagogical University (Kazakhstan, Almaty, e-mail: fari1996@mail.ru).

Сведения об авторах:

Есенова Калбике Омирбаевна – доктор филологических наук, профессор, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: kalbike_65@mail.ru);

Исмаилова Фариза Кенжеғалиевна – постдокторант, Казахский национальный педагогический университет имени Абая (Алматы, Казахстан, e-mail: fari1996@mail.ru).

Келін түсті: 11 сәуір 2025 жыл
Қабылданды: 21 қыркүйек 2025 жыл